

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің депутаттарына,
«Ақ жол» ҚДП партиясы фракциясының
мүшесіне

2021 жылғы 23 қыркүйектегі
№ ДС-276 хатқа

Құрметті депутаттар!

Ауылдық елді мекендерді медициналық мамандармен қамтамасыз етуге қатысты сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлаймыз.

Медициналық кадрларды ауылдық елді мекендерге тарту жұмыстары үш бағытта жүргізіледі: өңір қажеттілігіне сәйкес түлектерді жұмысқа орналастыру, әлеуметтік пакет ұсыну, мемлекеттік білім беру тапсырысын бөлу.

2019 жылдан бастап түлектерді өңірлік қажеттіліктерге сәйкес жолдауды Денсаулық сақтау министрлігінің түлектерді/жас мамандарды бөлу жөніндегі комиссиясы (*бұдан әрі - Комиссия*) жүргізеді.

Соңғы 3 жылда Комиссия жұмысқа жіберген түлектердің арасында дәлелсіз себептермен жолдама берілген елді мекенге жұмысқа бармау фактілері орта есеппен шамамен 8%-ды құрайды (*2019 жылы – 2561 маманның 228-і, 2020 жылы – 2326 маманның 155-і, биыл 3160 маманның 255-і жолдамамен жұмыс орнына бармаған*).

Мұндай түлектерге қатысты оқыту шығындарын қайтару шаралары қолданылады. Қаржы орталығының ақпараты бойынша, білім беру гранты бойынша медициналық мамандықтарда оқуды бітірген және жұмыс орындарына шықпаған 91 жас маман оқыту шығындарын өтеген (*республикалық бюджетке 200 млн теңге*). Міндеттемені орындамаған басқа түлектерге қатысты жұмыстар жалғасуда.

Биылдан бастап білім беру гранты бойынша оқуға түскен түлектерді жұмысқа орналастыру шарттары жеңілдетілді. Енді түлектер мемлекеттік мекемелерде ғана емес, жеке ұйымдарда да жұмыс істей алады.

Сонымен қатар Үкімет медицина кадрларын ынталандыру мақсатында бірқатар жүйелі шаралар қабылдауда.

Мемлекет Басшысының тапсырмаларын іске асыру аясында 2023 жылға қарай дәрігерлердің жалақысын кезең-кезеңімен көтеру, оның экономикадағы орташа жалақыға арақатынасын 2,5 есеге дейін жеткізу, медицина

қызметкерлерінің мәртебесін арттыру, ауылдық елді мекендерге келген жас мамандарды әлеуметтік қолдау бойынша шаралар қабылдануда.

Жергілікті атқарушы органдар медицина қызметкерлерін әлеуметтік қолдау шеңберінде жатақханалар ұсыну, коммуналдық шығыстар, байланыс қызметтері, жалдау төлемдері бойынша өтемақы төлемдері ұйымдастыру, балабақшаларда орындар бөлу, жұбайы/зайыбын жұмысқа орналастыру және басқа шараларды қабылдауда.

Мәселен, медициналық кадр тапшылығын төмендету бойынша жұмыста Қостанай, Солтүстік Қазақстан және Ақмола облыстарының, сондай-ақ Нұр-Сұлтан қаласында оң нәтиже беруде. Онда жас мамандарды әлеуметтік қолдау шаралары олардың орнығу көрсеткішінің артуына ықпал етуде.

Сондай-ақ Шығыс Қазақстан және Қызылорда облыстарында бизнестің қолдауымен тұрақты негізде медицина қызметкерлерін оқыту, оның ішінде шетелдерге білім алуға жолдау тәжірибесі енгізілуде.

Жыл сайын өңірлердің жергілікті бюджетінен және медициналық ұйымдардың қаражатынан стипендия төлей отырып, резидентурада медицина мамандарын даярлауға қаржыландыру бөлінеді.

2021 жылы резидентурада клиникалық кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру кезінде ЖОО-лардың, ҒЗИ-дің, ҒО-ның қабылдау және олардың өңірлік тиесілілегі бойынша ағымдағы мүмкіндіктерін ескере отырып, резиденттерді оқытуға мемлекеттік тапсырысты бөлу және орналастыру кезінде облыстардың денсаулық сақтау басқармасының (бұдан әрі - ОДБ) барлық өтінімдері қалыптастырылып, барынша қанағаттандырылды.

Жалпы алғанда, Қазақстан Республикасы бойынша резидентурада кадрлар даярлауға берілген 1 656 ОДБ өтінімінің 1 500-і қанағаттандырылды (90,5%), ал дәрігерлік кадрлар теңгерімсіздігі барынша жоғары өңірлерде олардың қажеттілігі толық дерлік жабылды. Мәселен, Ақмола облысы бойынша 257 маманға деген қажеттілікті ескере отырып, білім және ғылым ұйымдарына олардың өңірлік орналасуын ескере отырып, 2021-2022 оқу жылына мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша 216 орын немесе қажеттіліктің 84% бөлінді. Тиісінше Қостанай облысында өңірге өтінім берген кезде 250 маманға резидентурада 233 орын немесе қажеттіліктің 93% орналастырылды.

Анықтама: 2021 жылы өңірлермен резидентураға өтініш берілген орындар саны 1653 орынды құрайды, 1500 (90,7%) бөлінді, оның ішінде Ақмола - 257, 216 (84%), Ақтөбе - 74, 71 (96%), Алматы - 30, 30 (100%), Атырау - 52, 42 (81%), Шығыс Қазақстан - 103, 98 (95%), Батыс Қазақстан - 17, 17 (100%), Жамбыл - 90, 90 (100%), Қарағанды - 190, 159 (84%), Қостанай - 250, 233 (93%), Қызылорда - 62, 53 (85%), Маңғыстау - 87, 78 (90%), Павлодар - 15, 15 (100%), Солтүстік Қазақстан - 101, 89 (88%), Түркістан - 133, 121 (91%), г. Алматы - 33, 32 (97%), Шымкент - 159, 156 (98%).

Сонымен қатар, 2021 жылғы 12 қазанда Үкіметтің қаулысымен «Дені сау ұлт» әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау» ұлттық жобасы бекітілді, онда медицина кадрларын, оның ішінде арнайы және тапшы мамандықтарды даярлауға арналған гранттардың санын 2021 жылға бөлінген 1500-ден 2025 жылы 2000-ға дейін ұлғайту жоспарланды.

2021 жылы 3000 жалпы практика дәрігерлерін (2020 жылы – 2525 адам оқытылды) біліктілігін арттыру курстарына жіберу жоспарланды

Жалпы, ауылдық елді мекендерді медициналық кадрлармен қамтамасыз ету мәселелері Үкіметтің тұрақты бақылауында.

Е. Тоғжанов

Орындаушы: Қоскелдінова Ш.
Тел. 750013